

20.12.2018 ж. өзгерістермен

АВИА ЖОЛАУШЫЛАРДЫ КЕШЕНДІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**Сақтандыру саласы: Жалпы сақтандыру
Сақтандырудың формасы: Ерікті сақтандыру
Сақтандыру класы: Жазатайым жағдайлардан
сақтандыру, Мүлікті сақтандыру, Қаржылық
шығындардан сақтандыру**

Алматы, 2018 ж.

УТВЕРЖДЕНО
Протоколом Совета директоров
АО «СК «НОМАД Иншурэнс»
№ 31 от «16» *сентября* 2018г.



Содержание

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ.....	3
2. ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ.....	6
3. СТРАХОВАЯ СУММА, ФРАНШИЗА, СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ.....	7
4. СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ.....	7
5. ИСКЛЮЧЕНИЯ ИЗ СТРАХОВЫХ СЛУЧАЕВ И ОГРАНИЧЕНИЕ СТРАХОВАНИЯ.....	9
6. СРОК И МЕСТО ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА.....	12
7. ПОРЯДОК ЗАКЛЮЧЕНИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА.....	13
8. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН.....	14
9. СТРАХОВАЯ ВЫПЛАТА, ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВАТЕЛЯ/ЗАСТРАХОВАННОГО ПРИ НАСТУПЛЕНИИ СТРАХОВОГО СЛУЧАЯ.....	16
10. ПЕРЕЧЕНЬ ДОКУМЕНТОВ, ПОДТВЕРЖДАЮЩИХ НАСТУПЛЕНИЕ СТРАХОВОГО СЛУЧАЯ И РАЗМЕР УБЫТКОВ.....	21
11. ПОРЯДОК И УСЛОВИЯ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВЫХ ВЫПЛАТ.....	23
12. СРОК ПРИНЯТИЯ РЕШЕНИЯ О СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЕ ИЛИ ОТКАЗЕ В СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЕ.....	23
13. ПОРЯДОК И УСЛОВИЯ ПРЕКРАЩЕНИЯ/РАСТОРЖЕНИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА.....	24
14. ПОСЛЕДСТВИЯ УВЕЛИЧЕНИЯ СТРАХОВОГО РИСКА В ПЕРИОД ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА.....	26
15. ИЗМЕНЕНИЕ УСЛОВИЙ И СРОКА ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА. ПОРЯДОК ОФОРМЛЕНИЯ ДУБЛИКАТА СТРАХОВОГО ПОЛИСА.....	26
16. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ.....	27
17. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ.....	27

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен сақтандыру Ережелері негізінде Сақтандырушы Сақтанушылармен авиа жолаушыларды кешенді сақтандыру Сақтандыру полисін Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес жасайды.

1.2. Осы Ережелер негізінде жасалған Сақтандыру полисі бойынша Сақтандыру полисінде қарастырылған жағдайлар орын алғанда Сақтандырушы Сақтандыру полисімен келісілген төлемге (сақтандыру сыйлықақысы) сақтандыру төлемін, оның ішінде күтпеген жағдайларға байланысты сапардан бас тартуы үшін төлеу және (немесе) шығындарын өтеуге, ұшу барысындағы жазатайым оқиға нәтижесінде орын алған жолжүгінен толықтай айырылуымен (жоғалуы) немесе зақымдануымен байланысты шығындарды, авиарейстің кідірісімен байланысты шығындарды, сондай-ақ тұрақты тұрғылықты жерінен тыс жерде құжаттарды қалпына келтіру барысында келтірілген шығындарды өтеуге міндеттеледі.

1.3. Сақтанушылар Сақтандырушымен үшінші тұлғаларды сақтандыру туралы Сақтандыру полисін соңғы аталғандардың (бұдан әрі - Сақтандырылған тұлғалар) пайдасына жасауға құқылы. Сақтанушы - жеке тұлға, өзінің мүліктік мүдделерін сақтандыру туралы Сақтандыру полисін жасаған жағдайда, ол Сақтандырылған тұлға болып табылады.

1.4. Сақтанушылар - заңды тұлғалар Сақтандырушымен үшінші тұлғаларды сақтандыру туралы Сақтандыру полисін соңғы аталғандардың - Сақтандырылған тұлғалардың пайдасына жасайды.

1.5. Осы Ережелерде төмендегідей ұғымдар қолданылады:

- 1) **Ассистанс** – Сақтандырушымен серіктестік туралы Сақтандыру полисінің негізінде Сақтандырушының атынан Сақтандырылушыларға Сақтандыру полисімен қарастырылған қызметтерді сақтандыру аумағында атқаруды ұйымдастыру, үйлестіру мен бақылау міндетін өзіне алатын заңды тұлға.
- 2) **Бенефициарлы меншіктенуші** – жарғылық капиталға қатысудың немесе клиенттің – заңды тұлғаның, клиентке басқа жолмен бақылау орнатушы немесе клиенттің ақшалай және (немесе) басқа мүлкімен байланысты операцияларды орындауына мүдделі жеке тұлғаға тең, орналастырылған акцияларының жиырма бес пайыздан аса үлесіне тікелей немесе жанама ие жеке тұлға.
- 3) **Шартсыз франшиза** – Сақтандырушының нақты мөлшерден аспайтын шығынды өтеуден босатылуы. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген сомадан шегеріле отырып өтеледі.
- 4) **Кенет жіті ауру** - өмірге қауіп төндіруші және шұғыл медициналық көмекті талап ететін, дене мүшелері мен/немесе жүйелерінің зақымдануы клиникалық түрде танылатын Сақтандырылушы денсаулығының кенеттен өзгеруі (сырқаттар, жарақаттар).
- 5) **Пайда алушы** – Сақтандыру полисіне сәйкес сақтандыру Бағдарламасы бойынша сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Егер Сақтандыру полисінде пайда алушы белгіленбесе, Сақтандырылушы қаза тапқан жағдайда, Сақтандырылушының мұрагерлері Пайда алушылар болып танылады.
- 6) **Сақтанырылушы тұлға** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.
- 7) **Интернет-ресурс** – аппараттық-бағдарламалық кешенде орнатылған, бірегей желілік адресі мен/немесе домендік атауы бар және Интернетте жұмыс істеп тұрған мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды және басқа да түрде бейнеленетін электронды ақпараттық ресурс.
- 8) **Шетелдік жария лауазымды тұлға (ШЖЛТ)** – шетелдік мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік, сот органдарында немесе әскери күштерінде қандай да бір лауазымға ие, тағайындалушы немесе сайланушы тұлға.
- 9) **Жазатайым жағдай** – ағзаға сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық ықпал нәтижесінде адамның еркіне қарамастан кенеттен орын алған және Сақтандырылушының кенет жіті ауруы мен/немесе қазасына ұрындырған қысқа мерзімді оқиға (жайыт).

Жазатайым жағдайға бір жолғы, әртүрлі сыртқы факторлардың кенет әсері, анықтау әбден мүмкін орын алу сипаты, уақыты мен орны: табиғи құбылыстар, жарылыс,

күйік, тоңазу, суға кету, электрлік тоқтың әсері, найзағай түсу, үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері, жануарлар шабуылы, жылан мен жәндіктер шағуы, қандай да бір заттың немесе Сақтандырылушы құлауы, сондай-ақ көлікке отыру мен олардан түсу кезін қоса алғанда, көлік құралдарының (ұшақ, көлік, автобус, пойыз және т.б.) қозғалысы/қолданылуы кезінде, машина, механизмдерді пайдалану кезінде алған жарақаттар.

- 10) **Сақтандыру мерзімі** – сақтандыру өтелімі (Сақтандырушының жауапкершілігі) қарастырылатын уақытындағы сапар ұзақтығы (күндер саны).
- 11) **Сапар** – Сақтандырылушымен өздігінен, сондай-ақ меншік түріне және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, қабылдаушы тараптың (жұмыс берушілер, білім мекемелері) сәйкес туристік агенттіктер, туристік компаниялар, бюро, туристік операторлар көмегімен (арқылы) ұйымдастырылған және жасалған іскерлік, туристік, жекеменшік немесе басқа сапарлары.
- 12) **Жолжүк** – жол сөмкелері, жол сандықтар, портфельдер, сондай-ақ сапар барысында Сақтандырылушыға тиесілі және оның қамқорлығындағы киім мен заттармен шектелетін олардың ішіндегісі. Жолжүк ретінде Сақтандырылушының сақтандыру аумағына әкелген және аумағынан қайта алып кеткен, сақтандыру аумағында сатып алынған және Сақтандырылушының атына жолжүгі ретінде тіркеліп, тасымалдаушымен тасымалдауға оның жауапкершілігімен қабылданған заттар танылады.
- 13) **Тұрақты тұрғылықты мекенжай** – Сақтандырылушы 12 қатар айда кемінде 183 күнтізбелік күн тұратын Сақтандырылушы тұлғаның тұрақты мекенжайы немесе Сақтандырылушы тұлғаның азаматтығы мен тұру ықтиярхаты рәсімделген мемлекеттегі орын (бұдан әрі – ТТМ).
- 14) **Тасымалдаушы** – теміржол, теңіз, ішкі су, ауа, автокөлік көлік құралына меншік құқығы немесе басқа заңды негізде ие және жолаушылар мен олардың мүлкін ақысына немесе жалдау бойынша сақтандыру аумағының заңнамасына сай тасымалдауды жүзеге асыру құқығы мен лицензияға ие заңды тұлға.
- 15) **Ассистанс жұмысшылары** – Ассистанстың медициналық жұмысшылары немесе мекемелері, Сақтандырылушыларға Сақтандырушы атынан сақтандыру аумағында Сақтандыру полисімен қарастырылған қызметтерді ұйымдастыру, үйлестіру мен бақылау бойынша қызметтерді жүзеге асырушы Ассистанс өкілдері.
- 16) **Уақытша мекендеу мемлекеті (мекендеу мемлекеті)** – Сақтандыру полисінде көрсетілген және сақтандыру аумағына жататын кез келген мемлекет, Сақтандырылушы азаматтығына ие (немесе) тұрақты түрде сонда өмір сүретін мемлекеттен басқалары.
- 17) **Тұрақты мекендеу мемлекеті** – Сақтандырылушы тұлғаның бастапқы және қосымша тұрақты мекендеу орны болып табылатын мемлекет немесе мемлекеттер.
- 18) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Сақтандыру полисін жасаған тұлға. Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылушы да бола алады;
- 19) **Сақтандырушы** – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтанушыға немесе Сақтандыру полисі оның пайдасына жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін Сақтандыру полисімен орнатылған талаптар мен нақты сома (сақтандыру сомасы) көлемінде өтеуге міндетті заңды тұлға.
- 20) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы орын алғанда, Сақтандырушымен Пайда алушыға Сақтандыру полисімен белгіленген сақтандыру сомасы көлемінде төленетін ақша сомасы.
- 21) **Сақтандыру сыйлықақысы** - сақтанушыға (пайда алушыға) Сақтандыру полисінде айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелерін қабылдағаны үшін сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.
- 22) **Сақтандыру жағдайы** - басталған кезінде Сақтандыру полисі сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

- 23) **Сақтандыру сомасы** - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 24) **Сақтандыру аумағы** – Сақтандыру полисінде белгіленген уақытша мекендеу мемлекеті немесе басқа нақты айқындалған аумақ.
Сақтандыру аумағы : Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтанушының таңдауымен анықталады. Сақтандыру аумағына Сақтандырылушы шетелдік азаматтың тұруға ықтиярхат/азаматтығы бар мемлекет аумағы жата алмайды.
- 25) **Дене зақымы** – жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушы алған жарақат.
- 26) **Жарақат** – сыртқы орта факторларының (механикалық, термиялық, химиялық, кез келген сәулелендіру әсері, электр тоғы мен атмосфералық қысымның өзгеруі) әсерінен дене мүшелері және ағза тіндерінің тұтастығы мен қызметтерінің бұзылуы мен зақымдануы.
- 27) **Тәуекел дәрежесінің артуы** – сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығының оның артуына тікелей әсер ететін жағдайлардың пайда болуына байланысты артуы (сақтандыру аумағының өзгеруі, сапар мақсатының өзгеруі, сапар мерзімінің өзгеруі, Сақтандырылушыға осы Ережелер бойынша сақтандыру төлемін өтеуден бас тарту қарастырылған сырқат/диагноз қою және т.б.)
- 28) **Шартты өлшем** – Сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сомасы белгіленген валюта бірлігі.

1.6. Сақтандыру полисі бойынша Сақтанушылар ретінде кенет жіті ауру, жазатайым жағдай, сақтандыру аумағыдағы Сақтандырылушының қазасының нәтижесінде келтірілген шығынның, сондай-ақ жолжүгінің зақымдалуы немесе жоғалуы, авиатасымалдаушы кінәсінен сапарды болдырмау немесе авиарейс кідірістері, тұрақты тұрғылықты мекенжайынан тыс аумақта құжаттарды жоғалтуымен байланысты шығындардың өтелуіне мүдделі қабілетті жеке тұлғалар.

1.7. Сақтандыру полисі бойынша Сақтандырылушы ретінде туғанынан 80 жасқа дейінгі жеке тұлғалар бола алады. Бұл ретте сақтандыру мерзімі аяқталғанда Сақтандырылушының жасы 80 жастан аспауы тиіс.

1.8. Сақтандырушы Сақтандырылушы тұлғаға немесе оған қатысты Сақтандыру полисін жасаудан бас тартуға құқылы, егер ол тұлға Сақтандыру полисін жасау уақытында төмендегі категориялардың біріне жататын болса:

- 1) Жасы 80- нен асқан тұлғалар;
- 2) Сақтандыру полисі жасалған уақытта мүгедектігі, еңбекке жарамдылығынан (жалпы немесе кәсіби) айырылғаны (толықтай немесе ішінара) және/немесе кәсіби сырқаты анықталған тұлғалар;
- 3) Есірткі қолданған/қолданатын тұлғалар; уытқұмарлық масаю мақсатында уытты заттар қолданған/қолданушы тұлғалар; маскүнемдіктен азап шеккен/азап шегушілер;
- 4) Тұрақты жүйке жүйе мен психологиялық ауытқулары бар, осы себеппен психикалық-неврологиялық диспансерде тіркеуде тұрған/тұратын тұлғалар;
- 5) Алкогольді, есірткі немесе психотроптық мастық нәтижесінде орын алған жарақаты немесе сырқаты болған/бар тұлғалар;
- 6) Өз денесіне қасақана зақым келтірген, сондай-ақ өзін-өзі мерт қылуға оқталу жағдайлары болған тұлғалар;
- 7) Психикалық сипаттағы, эпилепсия, дегенеративті-дистрофиялық және миелинсіздендіруші аурулармен байланысты туындаған жарақаттар алған немесе сырқаты не олардың зардабы болған/бар тұлғалар;
- 8) Қазақстан Республикасының аумағынан қандай да бір ем алу мақсатында сапар шегуші тұлғалар, оның ішінде шипажайлар, емханалар, демалыс үйлері мен басқа да шипажайлық- курорттық мекемелердегі профилактикалық ем алу;
- 9) Сақтандыру полисін жасау кезінде болжалды сақтандыру аумағында жүрген тұлғалар.

1.9. Сақтанушы Сақтандыру полисіне қол қою және/немесе төлеуімен Сақтандырушы/Пайда алушының дербес деректерін Сақтандыру полисін жүзеге асыруы үшін Сақтандырушыға, Сақтандырушының серіктесіне тапсыруға келісім бергенін растайды, сондай-ақ

Сақтандырылушының, Пайда алушының ҚР АҚ 830-бабына сәйкес сақтандыру құпиясы болып табылатын ақпараттарды Сақтандыру полисін жүзеге асыруы үшін Сақтандырушымен, Сақтандырушының серіктесімен бөлісуге келісімін береді.

1.10. Сақтанушы Сақтандыру полисіне қол қою және/немесе төлеу арқылы дәйексіз деректердің ұсынылуы, ұсынылған ақпараттың дұрыстығы мен тұтастығына жауапкершілік көтереді. Қажет болған жағдайда Сақтанушы Компания ҚР қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша заңнамасының талаптарын бұзбау мақсатында сұраған барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндеттеледі. Сақтанушы өзі жүзеге асыратын операция қылмыстық жолмен және терроризмді қаржыландырумен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) байланысты емес екенін растайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Сақтандыру объектісіне Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтанушыда/Сақтандырылушыда туындаған қосымша күтпеген шығындармен (залалдар) байланысты мүліктік мүдделері жатады:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында немесе аумағынан тыс жерлерге Сақтанушының/Сақтандырылушының еркіне байланысты емес объективті себептермен сапарға шығу мүмкіндігінің болмауы;
- 2) Тасымалдау кезінде жолжүгінің амандығына жауапкершілік тасымалдаушыға өткен сапар барысындағы жолжүгінің толықтай жоғалуы, зақымдалуы;
- 3) Сақтанушы/Сақтандырылушы әуе кемесінде болған уақытында жазатайым жағдай нәтижесінде оның денсаулығына зиян келуі, сондай-ақ оның қаза табуы;
- 4) Рейс кідірістері;
- 5) Жоғалған құжаттарды қалпына келтіру.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

3.1. **Сақтандыру сомасы** - Сақтандыру полисімен белгіленген максималды ақша сомасы; ол бойынша Сақтандырушы өз міндеттерін атқаруға жауапкершілік көтереді және сақтандыру сыйлықақысының мөлшері мен Сақтандырушының Сақтандыру полисі бойынша міндеттерінің максималды шамасы анықталады.

3.2. Жолжүгін сақтандыру бойынша сақтандыру сомасы Сақтандырушымен келісе отырып Сақтанушымен белгіленеді және Шартта көрсетіледі. Шартта көрсетілген сақтандыру сомасы Сақтандырушымен төленетін максималды сома болып табылады.

3.3. Сапардың жүзеге аспауымен келтірілген шығындарға қатысты Сақтандыру полисін жасағанда, сақтандыру сомасы Сақтандырылушы төлеген авиабилеттердің нақты құнына негізделі отырып анықталады.

3.4. Құжаттарды жоғалтуды сақтандыру кезінде, сақтандыру сомасы Сақтандырылушы төлқұжатты жоғалтуымен байланысты келтірілген нақты шығындардан артық бола алмайды.

3.5. Рейс кідірісін сақтандыру кезінде, сақтандыру сомасы Сақтандырылушы рейстің кідірісімен байланысты келтірілген нақты шығындардан артық бола алмайды.

3.6. Егер Сақтандыру полисімен қарастырылған қызметтер шығыны сақтандыру сомасы мен/немесе жеке қауіп/қауіптер тобы бойынша сақтандыру сомасынан артық болса, Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру сомасы мен/немесе жеке қауіп/қауіптер тобы бойынша сақтандыру сомасынан асқан шығындар үлесін өз бетінше өтейді.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

4.1. Сақтандыру жағдайы - басталған бойда сақтандыру полисімен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыруын көздейтін оқиға.

4.2. Осы Ережелердің негізінде жасалған Сақтандыру полисі бойынша сақтандыру жағдайларына жататындар:

4.2.1. Жылжымалы мүлік (жолжүгін сақтандыру) – төмендегі аталғандарды тудырған оқиға: Шығыны Осы Ережелердің 9.8 - тармағында аталған құжаттармен расталған Сақтандырылушының жолжүгінің толықтай жоғалуы, зақымдалуы;

Жолжүгі сақтандыру талаптары Сақтандырылушының барлық жолжүгіне таралады, төмендегілерден басқаларына:

- 1) Ақша, құнды заттар, құнды қағаздар;
- 2) Қымбат металдар құймасы, жиектемесіз асыл және жартылай асыл тастар;
- 3) Антиквар және бірегей бұйымдар, өнер туындылары мен коллекция заттары (ғылыми, тарихи және көркемдік қызығушылықпен, сондай-ақ әуесқойлық мақсатта жиналған қандай да бір біртектес заттар (маркалар, күнтізбелер, белгішелер, өсімдіктер және т.б.) жинақтары;
- 4) Жол жүру құжаттары, төлқұжаттар мен кез келген құжат түрлері, слайдтар, фотосуреттер, фильм көшірмелері;
- 5) Қолжазбалар, жоспарлар, схемалар, сызбалар, үлгілер, іскерлік қағаздар;
- 6) Кез келген протез түрлері
- 7) Жанаспалы линзалар
- 8) Қол және қалта сағаттары;
- 9) Жануарлар, өсімдіктер мен тұқымдар (ұрықтар);
- 10) Діни нысандар.

4.2.2. Жолаушыларды ұшу барысындағы жазатайым жағдайлардан сақтандыру

- 1) Сақтандыру қорғанысы қолданылу мерзімінде орын алған жазатайым жағдай нәтижесіндегі Сақтандырылушының қазасы;
- 2) Сақтандыру қорғанысы қолданылу мерзімінде орын алған жазатайым жағдай нәтижесіндегі Сақтандырылушының жарақаты (зақым)

Жазатайым жағдайға Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімінде адамның еркіне қарамастан Сақтандырылушының денесіне механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық ықпал әсерінен кенет орын алған, жарақат немесе өлімге апарып соққан қысқа мерзімді оқиға.

4.2.3. Сапардың жүзеге аспауының нәтижесінде келтірілген қаржылық шығындар.

Сақтандыру жағдайы - сапардың жүзеге аспауымен байланысты Сақтанушы/Сақтандырылушыға келтірілген шығынды тудырған оқиға. Оларға Сақтандыру полисі өз күшіне енген соң орын алған және құзыретті органдармен берілген құжаттармен расталған келесі оқиғалар жатады:

- 1) Сақтандырылушының қазасы, госпитализациясы;
- 2) Сақтандырылушыда жазатайым оқиғаның нәтижесінде туындаған ауыр және орташа ауырлық дәрежелі жарақаттары, бірақ сақтандыру қорғанысы қолданылу мерзімінде жоспарланған сапарды іске асыруға медициналық қарсы көрсетім бар болса ғана;
- 3) сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзіміне тура келген Сақтандырылушы Сақтандыру полисі өз күшіне енген соң қабылданған сот актісі бойынша соттың сәйкес мөрі бар ресми құжаттарды ұсыну арқылы қатысушы болып табылатын соттың істі қарауы;
- 4) Сақтандыру полисі өз күшіне енген соң Сақтандырылушыны шұғыл түрде әскер қатарына немесе әскери жиынға шақыру, сақтандыру полисін жасағанға дейін Сақтандырылушы шақыру туралы білген жағдайда сақтандыру ұйымына шұғыл әскер қатарына немесе әскери жиынға шақыру туралы хабарламаса;
- 5) Сақтандырылушының виза алмауы (рұқсатнама беруден бас тарту), тағайындалған мемлекет консулының талаптарына сәйкес рәсімдеуге қажетті құжаттарды уақтылы ұсынған жағдайда;
- 6) Виза алу немесе уақтылы алудың кешеуілдеуі, тағайындалған мемлекет консулының талаптарына сәйкес рәсімдеуге қажетті, сәйкес қолтаңбалар мен консулдың мөрі бар құжатпен расталған құжаттарды уақтылы ұсынған жағдайда;

4.2.4. Рейс кідірісі кезінде келтірілген залалдармен байланысты қаржылық шығындар

Сақтандыру жағдайына екі сағаттан аса уақытқа авиарейс кідірісін тудырған жағдайлар жатады:

- 1) Қолайсыз табиғи жағдайлар: рейсті жүзеге асыруға бөгет болған тұман, жаңбыр, қар басу, дауыл, көктайғақ;

- 2) Мемлекеттік органдардың талаптары (иммиграциялық қызмет, лаңкестікке қарсы күрес бойынша ведомство, кеден қызметі, шекаралық қызмет және т.б.);
- 3) Ауа кемелерінің механикалық немесе техникалық зақымдаулары немесе авиакомпанияның кесірінен рейстің жүзеге асуына кедергі келтіретін жағдайлар;

Осы тәуекел бойынша шекті лимит :

- Кідіріс уақытында іс жүзінде жүзеге асырылған және сақтандыру сомасының шеңберіндегі құжаттармен расталған шығындар, тасымалдау басталған соң алғашқы 2 сағаттан кейінгі кідірістің әрбір толық сағаты үшін, бұл жағдайда толық емес сағат аз жағына (1-29 минут) немесе көп жағына (30-59 минут) толық сағатқа дөңгелектеледі.
- Осы тәуекел бойынша өтелетін шығындардың шекті лимиті сағатына 2500 теңге құрайды, бірақ жиынтығы осы Ережелердің 4.2.4. тармағына сәйкес сақтандыру сомасынан аспайды.
- Өтелуге Сақтандырылушының төмендегі шығындары ғана жатады:
 - Жақын туысқандарына қоңырау шалуға кеткен шығындар;
 - Жақын туысқандарына электронды пошта бойынша хабарлама жіберуге кеткен шығындар;
 - Алкогольсіз сусын шығындары;
 - Тамаққа кеткен шығындары;
 - Рейстің алты сағаттан аса уақытқа кідірісі кезінде қонақ үйде орналасу шығындары;
 - Қосымша сервистік қызметтерді қолдану шығындары: интернет, ақылы анықтамаларды пайдалану;
 - Жолжүгін сақтау шығындары;
 - Сақтандырылушының аэропорттан тұрақты/уақытша мекенжайына дейінгі (және қайту) сапарының көлік шығындары, жоғарыда аталған лимит шеңберінде, бірақ 8 000 теңгеден аспауы тиіс.

4.2.5. Жоғалған құжаттарды қалпына келтірумен байланысты қаржылық шығындар

Сақтандыру жағдайы деп нәтижесінде Сақтандырылушының шетелдік төлқұжатының немесе/және жеке куәлігінің жойылған немесе жоғалған кенет, күтілмеген және абайсызда орын алған оқиға саналады.

5. БІРЫҢҒАЙ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН САҚТАНДЫРУ ШЕКТЕУЛЕРІ

5.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мен осы Ережелердің 12 бөлімінің нормаларында көрсетілген Сақтандырушыны сақтандыру төлемін өтеуден босататын жалпы себептерден басқа, Сақтандырушы жауапкершілік көтермейді және Сақтанушыға сақтандыру төлемін өтеуден толықтай немесе ішінара бас тартуға құқылы, сақтандыру жағдайы келесі себептермен орын алса:

- 1) Соғыстар; басып кіру; шетелдік мемлекеттің дұшпандық әрекеттері; әскери немесе ұқсас операциялар (соғыс жариялану/жарияланбауына қарамастан) немесе азаматтық соғыстар;
- 2) Бүлік; көтерілістер; локауттар; халық көтерілісінің көлеміндегі немесе көлеміне дейін ұлғаюшы азаматтық тәртіпсіздіктер; әскери бүлік; революциялар; әскери қоршау немесе билікті тартып алу; тәркілеу; мүлікті реквизициялау немесе мемлекет меншігіне өтуі; лаңкестік актілері¹;
- 3) Радиоактивті сәулелендіру немесе радиоактивті отынмен немесе атомдық отындарды жағудың радиоактивті шығындармен ластануы;
- 4) Дүлей апаттар – жер сілкіністері, найзағай тасу, су тасқыны, сел, дауыл, құйын, боран, опырылу, көшкін, тасқындар;

¹ Лаңкестік актісі – адамдардың өліміне қауіп төндіретін, айтарлықтай мүліктік шығындар немесе өзге де қоғамдық-қауіпті салдар тудырушы жарылыс, өрт қою немесе басқа әрекеттер: егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты қорқыту немесе мемлекеттік органдардың шешім қабылдауына әсер ету (саяси уәж) мақсатында жүзеге асырылса.

- 5) Сақтанушы/Сақтандырылушының немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының орын алуына бағытталған немесе орын алуына ілеспелі кез келген әрекеттері (қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді санамағанда);
 - 6) Сақтанушы, Сақтандырылушы немесе Пайда алушының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы әрекеттері;
 - 7) Еңсерілмейтін күш жағдайлары.
- 5.2. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Сақтандырушыны жауапкершіліктен босататын жағдайларда;
 - 2) Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы өзінің Сақтандыру полисінде белгіленген міндеттерін мүлдем атқармаса/тиісінше атқармаса;
 - 3) Сақтанушының сақтандыру жағдайының орын алуына жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сонымен қатар Сақтандырушыға талап ету құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленіп қойған болса, Сақтандырушы оны толықтай немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы.
- 5.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіз бола алатын жағдайлар:
- 1) сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары жайлы Сақтандырушыға Сақтанушының жалған мәліметтерді хабарлауы;
 - 2) Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға Сақтандырылушының қызмет түрінің, сапар мақсатының өзгерісі жайлы хабарламауы, бұл өзгерістер сақтандыру жағдайының сипаттарына ие оқиғаның орын алуына тікелей немесе жанама себеп болған жағдайда;
 - 3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жағдайларын тергеуге және оларға келген шығын мөлшерін белгілеуде кедергі жасау;
 - 4) Тиісті құжаттарды осы Сақтандыру полисінің талаптарына сай ұсынбауына байланысты диагностика және/немесе ем алу фактісі расталмаған жағдайда;
 - 5) Сақтандыру жағдайының орын алуы жайлы Сақтандырушыға хабарламау/уақтылы хабарламау;
 - 6) Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру қорғанысының күшіне ену мерзіміне дейін шұғыл әскери қызметке немесе жиынға шақырылуы туралы хабардар болса.
- 5.4. Сақтандыру өтемейді:
- 1) моральдық шығын, Сақтанушының шығындары, соның ішінде айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, сот шығындары, жоғалған пайда және т.б.;
 - 2) Сақтанушы орналасқан кез келген елдің мемлекеттік немесе жергілікті билігінің бұйрығымен Сақтандырылушының мүлкін тәркілеу, мемлекеттік меншікке өту, реквизициялау, жою, бүлінуіне тікелей немесе жанама әкеліп соққан шығындар;
 - 3) дәрігер/кез келген медицина қызметкерлерінің телефон/видео байланыс арқылы кеңес беруі;
 - 4) жергілікті емделетін және Сақтандырылушының сапарын жалғастыруына кедергі келтірмейтін елеусіз сырқаттар немесе жарақаттар кезінде эвакуация шығындары;
 - 5) Сақтандырылушының кәмелетке толмаған балаларды олар тұрып жатқан мекенжайға ең жақын халықаралық аэропорттан нақты өмір сүру жерлеріне дейін тасымалдаумен байланысты (өмір сүру мен тамақтануды қоса алғанда);
 - 6) Сақтандырылушының сүйектерін жерлеу орнына ең жақын халықаралық аэропорттан Сақтандырылушының жерлеу жеріне дейін тасымалдау шығындары;
 - 7) Сақтандырылушының Қазақстан Республикасы немесе Сақтандырылушы көзі тірісінде азаматтық алған мемлекеттегі жерлеу рәсімінің кез келген шығындары;
 - 8) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға байланысты шешім қабылдауға қажетті құжаттарды орыс немесе қазақ тіліне аударуға және/немесе нотариалды куәландыруға кеткен шығындары;
 - 9) Сақтандырылушының сақтандыру аумағындағы медициналық мекемеден уақытша мекенжайына дейінгі сапарына кеткен көлік шығындары;

- 10) сақтандыру жағдайымен байланысты шығындар, егер Сақтандырылушы Сақтандыру полисі өз күшіне енген соң Сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру аумағында азаматтық/тұруға ықтиярхат алса;
- 11) Ереженің 6.3 т. талаптарына, сондай-ақ ереженің 4. Тармағына сай келмейтін оқиғалар мен жағдайлар.

5.5. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден босатылады, егер сақтандыру жағдайы келесі оқиғалардың нәтижесінде орын алса :

- 1) Сақтандырылушының өзіне-өзі қол жұмсауға немесе өзін-өзі өлтіруге тырысуы;
- 2) Сақтандырылушыны өлтіру, Сақтандырылушы өзі осы әрекетті атқаруға азғындаса;
- 3) келбет мүкістіктерін немесе дене ауытқушылықтарын жоюмен байланысты пластикалық операциялар, косметологиялық немесе кез келген басқа ем түрлері;
- 4) психикалық сырқаттар мен психикалық ауытқулар, венерологиялық аурулар, АИТВ мен ЖИТС, онкологиялық аурулар, туа біткен аурулар, даму кемтарлығы, туберкулез, қант диабеті мен олардың салдары, апоплексия соғуы, эпилепсиялық талма немесе басқа талмалар, конвульсиялық ұстамалар;
- 5) Сақтандырылушының алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мастық күйінде болуы, мастық деңгейінің ауырлық дәрежесіне қарамастан;
- 6) жүктілік/босану асқынулары, сондай-ақ аборт, мерзімінен бұрын өздігінен түсік тастау, кесар тілігі операциясы;
- 7) Сақтандырылушының кез келген кәсіби немесе әуесқой спорт түрімен айналысуы, белсенді демалыс, спорт элементтеріне ие іс-шаралар/ойын-сауықтарға қатысуы, делтапланеризммен, парашют спортымен, авиациялық спорт түрлерімен, тау туризмі/күзға шығумен, спелеологиямен, тыныс алу аппараттарын қолдана отырып су астында жүзумен, тау шаңғы спорт түрлерімен, серфингпен, аңшылықпен, атқа салт мініп жүрумен, велосипед, мотоцикл, мопед және/немесе скутер (су мотоциклі) айдаумен шұғылданыуы;
- 8) жанама коммерциялық зиян, айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы, өсімақы, ұтылған пайда, Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының сот шығындары;
- 9) Сақтанушы орналасқан кез келген елдің мемлекеттік немесе жергілікті билігінің бұйрығымен Сақтандырылушының мүлкін тәркілеу, мемлекеттік меншікке өту, реквизициялау, жою, бүлінуіне тікелей немесе жанама әкеліп соққан шығындар;
- 10) моральдық шығын;
- 11) Сақтандырылушының сүйектерін жерлеу орнына ең жақын халықаралық аэропорттан Сақтандырылушының жерлеу жеріне дейін тасымалдау шығындары;
- 12) Сақтандырылушының Қазақстан Республикасы немесе орналасқан мемлекеттегі жерлеу рәсімінің кез келген шығындары;
- 13) Сақтандырылушының авто-, мото-, веложарыстарға немесе сайыстарға жүргізуші немесе қатысушы ретінде қатысуы.

5.6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға келесідей негіздер болуы мүмкін:

- 1) сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары жайлы Сақтандырушыға Сақтанушының жалған мәліметтерді хабарлауы;
- 2) сақтандыру жағдайынан келетін шығындарды азайту бойынша шараларды Сақтанушының қасақана қабылдамауы;
- 3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жағдайларын тергеуге және оларға келген шығын мөлшерін белгілеуде кедергі жасау;
- 4) Сақтандыру жағдайының орын алуы жайлы Сақтандырушыға хабарламау/уақтылы хабарламау. Сақтандырушының сақтандыру жағдайы орын алғаны (сақтандыру жағдайының орын алуына алып келуі мүмкін оқиғалар) туралы Сақтандыру полисінде белгіленген мерзімде;
- 5) хабарлау фактісі Сақтандырушының сақтандыру төлемін (уәкілетті органға есептерді уақтылы және тиісінше ұсыну, сақтандыру төлемі үшін резервтік соманы уақтылы қалыптастыру) жүзеге асыру міндетімен (мүмкіндігімен) тікелей байланысты. Тиісінше Тараптар Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы хабарламау/уақтылы хабарламау

Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру мүмкіндігінен айырады және бұл сақтандыру жағдайы орын алғанда қосымша дәлелдемелерді қажет етпейтінін түсінеді және растайды.

- б) Сақтанушының сақтандыру жағдайының орын алуына жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сонымен қатар Сақтандырушыға талап ету құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі өтеліп қойған болса, Сақтандырушы оны толықтай немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы.
- 7) Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады, егер Сақтандыру полисі жасалу уақытында Сақтандырылушыға қатысты мүгедектік, еңбекке (жалпы немесе кәсіби) жарамдылықты (толық немесе ішінара) жоғалту және/немесе кәсіптік сырқат.

5.7. Сақтандырушы қажетті барлық құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден жазбаша түрде дәлелді бас тарту жіберуге міндетті болады.

5.8. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына Сақтанушы/Пайда алушы сотқа шағым беруі мүмкін.

5.9. Сақтандыру полисі сақтандырудың басқа да бірыңғай жағдайлар тізімін және сақтандырудың өзге шектеулері мен сақтандыру жағдайларының ерекше жағдайларын қарастыруы мүмкін.

6. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ МЕРЗІМІ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ АУМАҒЫ

6.1. Сақтандыру полисі сақтандыруға жазбаша өтініш немесе Сақтанушының өз ақпараттарын Сақтандырушының немесе оның серіктесінің интернет ресурсы арқылы толтыруы және жіберуі негізінде нақты сапарға жасалады.

6.1.1. Сақтандыруға өтінішті жазбаша түрде ұсынған жағдайда белгіленген формадағы өтініш-сауалнама бланкісі қолданылады, бұл жағдайда Сақтандыру полисі Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру аумағында бір жылдан аспайтын мекендеу уақытына жасалуы мүмкін, егер Сақтандыру полисінде басқаша көзделмесе.

6.1.2. Ақпараттарды Сақтандырушының немесе оның серіктесінің интернет ресурсында толтыру кезінде өтініш-сауалнаманың электронды формасы қолданылады.

6.2. Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі:

- Сақтандыру полисі/сертификаты мен ол бойынша сақтандыру қорғанысы ол жасалған күннен бастап күшіне енеді, және Сақтандыру полисі/сертификаты мазмұнында көрсетіледі;

- Сақтандыру полисі/сертификаты мен сақтандыру қорғанысының аяқталу мерзімі сәйкес келеді және Сақтандыру полисі/сертификатында белгіленген.

6.3. Сақтандыру өтейді:

6.3.1. Жылжымалы мүлік (жолжүгін сақтандыру): тәуекелді өтеу Сақтандырылушының жолжүгін авиатасымалдаушы қабылдаған сәтте басталады және жолжүгінің Сақтандырылушыға беру кезіне дейін әрекет етеді.

6.3.2. Жолаушыларды ұшу кезінде жазатайым жағдайлардан сақтандыру: тәуекелді өтеу билетте көрсетілген жөнелту уақытынан 3 сағат бұрын басталады және жүру жолы бойында, түйісу пункттерінен қоса санағанда (6 сағаттан көп емес) әрекет етеді, және Сақтандырылушы соңғы белгіленген пунктке келген соң үш сағат ішінде, бірақ сақтандыру қорғанысының күшіне енуінен 24 (жиырма төрт) сағаттан аспайтын уақытқа дейін әрекет етеді.

6.3.3. Сапардың жүзеге аспай қалуымен байланысты қаржылық шығындар: сақтандыру Полистің қолданылу мерзімінің басталған уақытында және жолаушыларды тасымалдау басталу уақытына дейін орын алған сапардың жүзеге аспауынан келтірілген (Ережелерде атап көрсетілген) шығындарды өтейді. Сақтандыру өтелімі авиабилетті сатып алу кезінде берілген тиісті бронь нөміріне сәйкес иеленген авиабилетке ғана жүреді.

6.3.4. Рейстің кідірісіне байланысты қаржылық шығындар: сақтандыру авиабилетте көрсетілген болжалды жөнелтілу уақыты мен Сақтандырылушының нақты жөнелтілу уақытына дейінгі мерзімді қамтиды.

6.3.5. Жоғалған құжаттарды қалпына келтірумен байланысты қаржылық шығындар: сақтандыру орналасу мемлекетіне келу сәтінен бастап, тұрақты тұру мекенжайының мемлекетіне қайту уақытына дейінгі (Ережелерде атап көрсетілген) шығындарды өтейді.

6.4. Сақтандыру полисінің сақтандыру қорғанысы қамтымайды:

- 1) шекарасында әскери қимылдар өтіп жатқан мемлекеттердің аумағында;
- 2) БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымының) экономикалық және/немесе әскери санкциялары қолданылған мемлекеттер аумағында;
- 3) індет ошағы табылған немесе расталған және/немесе карантин жарияланған мемлекеттер аумағында;
- 4) Сақтандыру полисі күшіне енген соң, Сақтандыру полисінде мекендеу жері ретінде көрсетілген мемлекеттің азаматтығын/тұруға ықтиярхатын алған тұлғаларды;
- 5) егер Сақтандыру полисі сақтандырылушы сақтандыру аумағында мекендеген уақытта жасалса.

7. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

7.1. Сақтандыру полисі бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда Пайда алушыға сақтандыру төлемін Сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасы шеңберінде сақтандыру төлемін өтеуге міндеттеледі.

7.2. Сақтандыру полисін жасауға Сақтанушының жазбаша өтініш-арызы, сондай-ақ Сақтанушының өз ақпараттарын Сақтандырушының немесе оның серіктесінің интернет ресурсы арқылы толтыруы мен жіберуі негіз болады.

7.3. Ерікті сақтандыру бойынша Сақтандыру полисін жасау Сақтандыру полисіндегі талаптарға сай мерзімге жүзеге асырылады.

7.4. Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) мәлім, сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығы мен оның орын алуынан келтірілетін болжалды шығындардың мөлшерін анықтауда айтарлықтай маңызы бар барлық жағдайлар туралы хабарлауға міндетті, егер бұл жағдайлар Сақтандырушыға мәлім болмаса немесе мәлім болмауы тиіс болса.

7.5. Сақтандыру полисі Сақтанушының осы Ережелерге қосылу жолымен жасалады. Сақтандыру полисін рәсімдеу екі жолмен жүзеге асырылады:

- 1) осы сақтандыру өнімінің жүзеге асуын орындаушы тұлғаның орналасу мекенінде Сақтандыру полисін беру жолымен немесе
- 2) Сақтандырушының немесе оның серіктесінің интернет ресурсына электронды Сақтандыру полисін рәсімдеу мен оны Сақтанушының Сақтандырушының немесе оның серіктесінің Интернет-ресурсында өз ақпараттарын толтыру барысында көрсеткен электронды поштасына жіберу арқылы.

7.6. Сақтандыру полисі мен сақтандыру қорғанысы оны жасау күнінен бастап күшіне енеді. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу ҚР АҚ 394 -б. 2-т. мен 396 б. 3-т. сәйкес Сақтандырушының немесе оның серіктесінің интернет ресурсында жүзеге асырылады, және бұл Сақтандыру полисін жасауға, сондай-ақ осы Ережелерде көрсетілген барлық талаптарды қабылдауға толықтай және сөзсіз келісім (акцепт) болып есептеледі және Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының «Дербес деректер мен оларды қорғау туралы» заңына сәйкес дербес деректерді жинау мен өңдеу құқығын береді. Акцепт жүзеге асырылған соң, Сақтанушыға ол Сақтандырушының немесе оның серіктесінің Интернет-ресурсында өз ақпараттарын толтыру барысында көрсеткен электронды поштасына қайта бағыттау жолымен Сақтандыру полисінің электронды нұсқасы беріледі.

7.7. Сақтандыру полисі күшіне осы сақтандыру ережелерінің 7.6-т. сәйкес енеді.

7.8. Сақтанушы (Сақтандырылушы) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтініш-арызда және Сақтандырушының жазбаша сұрақтарына жауаптарында көрсетілген ақпараттың нақтылығы мен толықтығына жауапкершілік көтереді.

7.9. Сақтандыру полисінде көрсетілуге тиісті талаптардың толық еместігі үшін жауапкершілікті Сақтандырушы көтереді.

7.10. Сақтандыру полисінің жоғалған жағдайында, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініш-арызының негізінде оған Сақтандыру полисінің көшірмесін береді, бұл жағдайда жоғалған Сақтандыру полисі жарамсыз болып есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Сақтандырушы құқылы:

- 3) Сақтанушы берген ақпарат пен құжаттарды, сонымен қатар Сақтанушының осы Шарт талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;
- 4) сақтандыру тәуекелін үдетуге алып баратын жағдайлар туралы хабар алған бойы Шарт шарттарын өзгерту немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын қауіптің үдеуіне сәйкес төлеуді талап ету;
- 5) сақтандыру жағдайы орын алған уақытта Сақтандырылушының алкогольді/есірткілік мастығына күмән туған жағдайда, мекендеу мемлекетінің заңнамасына сәйкес Сақтандырылушының бойында алкогольді/еліткіш заттардың бар-жоқтығын анықтауға медициналық куәландырудан өтуін талап ету. Алкогольді/есірткілік мастық фактісі расталған жағдайда, сондай-ақ Сақтандырылушы медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан жағдайда - сақтандыру төлемін өтеуден бас тартуға құқылы;
- 6) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтау, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдар, құқық қорғау органдары, медициналық мекемелер, туристтік агенттіктер/операторлар мен сақтандыру жағдайы туралы қандай да бір ақпаратқа ие ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұрауға;
- 7) Сақтандырушыдан сақтандыру жағдайы дерегін, оның орын алу жағдайларын анықтау үшін қажет ақпаратты талап етуге;
- 8) Шартта қаралған негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға;

8.2. Сақтандырушы Сақтандыру полисі бойынша өз міндеттерін орындау мақсатында Сақтанушы, Пайда алушы туралы жеке бас деректерін, сақтандыру құпиясына жататын ақпараттарды ҚР АҚ 830-бабына сәйкес бөгде ұйымдарға беруге құқылы.

Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 2) Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыру және оның талабы бойынша сақтандыру Ережелерінің көшірмесін ұсынуға (жіберуге) (сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру Ережелерімен Сақтандырушының интернет-ресурсында өз бетінше таныса алады) ;
- 3) ҚР АҚ 828 және 830-баптарына сәйкес сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 4) Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы сақтандыру Ережелерінде/Шартында көзделген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, шұғыл, бірақ 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей, жетіспейтін құжаттар туралы оны жазбаша хабардар етуге;
- 5) Сақтанушы немесе Сақтандырылушыға, немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру, немесе осы Ережелердің талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша дәлелді бас тартуды жіберуге;
- 6) Сақтанушыға немесе Сақтандырылушыға немесе Пайда алушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін өзі жүргізген шығындарын өтеу;
- 7) Сақтандыру Полисімен, осы Ережелермен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.

8.4. Сақтанушы құқылы:

- 1) сақтандыру шарттарымен танысуға;
- 2) Сақтандыру полисінің көшірмесін алуға, жоғалтып алған жағдайда (сақтандыру полисі жазбаша формада жасалған болса);

- 3) Сақтандырушы немесе оның бұйрығымен есептелген келтірілген шығын мен сақтандыру төлемінің мөлшерімен танысуға;
- 4) тәуелсіз сараптама жасатуға;
- 5) Сақтандырушыдан Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс аумаққа жолға шыққан тұлғалардың медициналық немесе басқа да шығындарын сақтандыру шарттарын, Шартта көзделген өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
- 7) осы Ережеге, Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасауға.

Сақтанушының міндеттері:

- 1) Сақтандыру полисін жасау кезінде, Сақтандырушыға қауіп деңгейін бағалауға және Сақтандыру полисін жасауға қажетті ақпаратты ұсыну;
- 2) Сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемсын төлеу;
- 3) Сақтандыру полисін жасау кезінде және қолданылу кезеңінде, Сақтандырушыға осы сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалатын Сақтандыру полистері туралы хабарлау;
- 4) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабардар ету;
- 5) Сақтандыру полисін жасасу кезінде, Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, дереу Сақтандырушыға хабарлау;
- 6) Сақтандыру полисін жасауға дейін Сақтанушы немесе оның отбасы мүшелері шетелдік көпшілік лауазымды тұлға болса, Сақтандырушыға жазбаша хабарлау. Сондай-ақ бенефициар меншіктенуші (Сақтанушы емес) басқа тұлға болса, жазбаша хабарлау.
- 7) Компания ҚР қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру(жылыстату) және террористік қызметті қаржыландыруға қарсы тұру жөніндегі заңнамасының талаптарын орындау мақсатында сұраған барлық қажетті құжаттарды ұсыну. Сақтанушы онымен жүзеге асырылатын операция қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен), және террористік қызметті қаржыландырумен байланысты емес екендігін растайды.
- 8) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алғаны өзіне мәлім болғанда, міндеттері:
 - a) ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қол жетімді шаралар қабылдау;
 - b) дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы жазбаша хабарлау;
 - c) болған оқиға туралы дереу орналасу елінің құзіретті органдарына хабарлау және құзыретті мемлекеттік және басқа да уәкілетті органдардың құжаттық рәсімдеуін қамтамасыз ету;
 - d) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу ауыртпалығын көтеру, оның ішінде сараптама жүргізуге ақы төлеу, мамандарды тарту және кеңес беру, қажетті құжаттар мен т. б. жинау;

8.6. Пайда алушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан Сақтандыру полисі бойынша сақтандыру талаптары, өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қоюға;
- 3) осы Ережелерде көзделген тәртіп пен талаптар бойынша сақтандыру төлемін алуға.
- 4) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
- 5) бұл тармақтағы тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізімі мейлінше толық болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы Ережелердің басқа тарауларында

қарастырылған. Тараптар өзге құқықтарын пайдалануға құқылы және осы Ережелерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерін орындауға міндетті.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ОРЫН АЛҒАНДА САҚТАНУШЫ/САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

9.1. Залал ретінде Сақтандырылушының болжамаған шығындарының пайда болуымен байланысты залалдар саналады, атап айтқанда:

- 1) Сақтандырушының сапарының жүзеге аспауы нәтижесінде туындаған залалдармен байланысты шығындар;
- 2) Сақтандырушының жолжүгі жойылуы, толықтай айырылуымен (жоғалуы) немесе зақымдануымен байланысты шығындар;
- 3) ұшу барысындағы жазатайым оқиғамен байланысты шығындар;
- 4) авиатасымалдаушының кінәсінен орын алған авиарейс кідірісімен байланысты шығындар;
- 5) Құжаттарды жоғалтумен байланысты шығындар (шетелдік төлқұжат, жеке куәлік).

9.2. Сақтандырушы төленуі тиісті Сақтандырылушыға келтірілген шығын мен сақтандыру төлем мөлшерін бақылау мен қадағалау құқық қорғау органдарынан (өрт, апаттық және басқа да қызметтер) алған құжаттар, экономикалық және бухгалтерлік материалдар мен есептер, есепке алу құжаттары, шоттар мен квитанциялар, заңи, кеңесші және өзге де мамандандырылған фирмалардың тұжырымдамалары мен есептеріне негізделе отырып анықтайды.

9.3. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайының орын алу мән-жайы, сонымен қатар сақтандыру оқиғасының себептері мен жағдайларын өз бетінше анықтау құқығы жайлы ақпараттарға ие құқық қорғау органдарындағы, медициналық мекемелер мен басқа да ұйымдардағы сақтандыру оқиғасымен байланысты мәліметті сұрауға құқылы.

9.4. Тараптар арасында шығын себептері мен көлеміне қатысты дау туған жағдайда, әр тарап сараптама өткізілуін талап етуге құқылы. Сараптама оның өткізілуін талап еткен тараптың қаражатына өткізіледі. Егер сараптама нәтижесінде Сақтандырушының төлем өтеуден бас тартуы негізсіз деп танылса, Сақтандырушы экспертиза шығындарын өз мойнына алады. Ал сараптама нәтижесінде сақтандыру жағдайына жатпайды деп танылған жағдайларда, сараптама құнын Сақтандырылушы төлейді.

9.5. Сақтандырушы сақтандыру төлемін өтеу мерзімін, Сақтандырылушыны Сақтандырушы Сақтандырылушыдан талап еткен барлық құжаттарды алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ескерту арқылы ұзартуға құқылы, келесі жағдайларда:

- 1) Сақтандырылушының сақтандыру өтемін алу құзыреттілігіне қатысты дау туған жағдайда – қажетті дәлелдер келтірілгенге дейін;
- 2) сақтандыру жағдайы орын алу фактілері бойынша, сәйкес ішкі істер органдарымен Сақтандырылушыға немесе оның уәкілетті өкілдеріне қарсы қылмыстық іс қозғалған, сот процесі басталған немесе әкімшілік тергеу барысында және сақтандыру жағдайын тудырған себептер тексерісі жүргізіліп жатқанда – тергеу(процесс) немесе сот істі қарауы аяқталғанға дейін және Сақтандырылушының кінәсіздігі анықталғанға дейін.

9.6. Сапардың жүзеге аспай қалуы бойынша сақтандыру жағдайы орын алғанда:

- 1) Сақтандырылушы жазбаша түрде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы орын алғаны туралы шұғыл хабарлауға міндетті. Өтініште сақтандыру жағдайының сипаты мен мән-жайы, авиатасымалдаушы, ұшу күні көрсетілуі тиіс.
- 2) Өтінішке келесі құжаттар (мен орыс тілінен басқа тілдегі құжаттар түпнұсқаларының аудармалары) тіркелуі тиіс:
 - a) авиабилет көшірмесі, сондай-ақ авиабилеттің төленгенін растайтынын құжаттар;
 - b) Авиабилет бойынша қаражат сомасының бөлігі қайтарылғанын дәлелдейтін құжаттар (авиатасымалдаушының тарифімен қарастырылған жағдайда).
- 3) Сақтандыру жағдайының сипатын анықтауға қажетті құжаттар мен ақпараттар, атап айтқанда:

- Сақтанушының/Сақтандырылушының сырқаты, жарақаты немесе қазасы себебінен сапарды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда – медициналық мекеме анықтамасы, өлім туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі, Сақтандырылушы мен жақын туысқандар арасындағы туыстық қатынасты растайтын құжаттар, бірлескен авиаұшуды растайтын құжаттар (туристік ваучер, туристік жолдама, жол жүру құжаттары, орналасқан қонақүй құжаттары);
- Сот істі қарауына байланысты сапарды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда – сотпен куәландырылған сотқа шақыру қағазы;
- Әскери комиссариатқа шақырылуына байланысты сапарды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда – әскери комиссариатпен куәландырылған шақыру қағазы;
- Сақтанушының/Сақтандырылушының кету визасын алу туралы өтініші қабыл болмаған жағдайда – елшіліктің консулдық қызметінің ресми қабылдамау туралы анықтамасы мен Сақтандырылушының шетелдік төлқұжатының түпнұсқасы (көшірмесі);
- визаны алу немесе Сақтанушы/Сақтандырылушы сұраған мерзімде алу кідірісі кезінде – Сақтандырылушының шетелдік төлқұжатының түпнұсқасы (көшірмесі).

9.7. Сақтандыру төлемі Сақтандырылушыға келтірілген шығындардың көлемінде барлық сұратылған құжаттарды, ал қажет болған жағдайда олардың нотариалды куәландырылған аудармаларын да қабылдаған соң, 15 жұмыс күні ішінде Сақтандырушымен өтеледі, осы сақтандыру Ережелерінің 9.5-т. аталған бірыңғай жағдайларды санамағанда. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жол жүру билеті көлемінде, бірақ сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде өтейді.

9.8. Жолжүгін сақтандыру бойынша сақтандыру жағдайы орын алса:

- 1) Сақтандыру жағдайы орын алғанда, Сақтандырылушы оқиға болған жердің жолжүктердің (тасымалдаушы өкілдері, аэропорт өкілдері, т.б.) жоғалуы немесе зақымдалуымен байланысты сұрақтарды қарастыруға уәкілеттелген құзыретті органдарына жолжүгінің жоғалу немесе зақымдалу фактісін орнататын құжаттарды алу мақсатында хабарласуы тиіс.
- 2) Сақтандыру өтемін алуға өтініш пен тиісті құжаттар Сақтандырылушы барысында сақтандыру жағдайы орын алған сақтандырылған сапардан оралған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс.
- 3) Сақтандыру өтемін алу үшін Сақтандырылушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы жазбаша хабарлама беруі және келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:
 - a) Сақтандыру полисі мен оның көшірмесі.
 - b) Жеке басын куәландыратын құжат.
 - c) Сақтандыру жағдайының сипаты, мән-жайы, күні мен жолжүгінің салмағы көрсетілуі тиіс Сақтандырушының формасы бойынша жазбаша өтініш;
 - d) Тасымалдаушының іскерлік айналыс әдетімен қарастырылған құжаттың түпнұсқасы немесе құрастырушымен куәландырылған көшірмесі немесе жолжүгінің жоғалуы немесе зақымдалуын куәландырушы өкілетті органмен берілген анықтама.
 - e) Жоғалған заттардың құнын растау (чектер, сатып алу шоттары немесе орташа бағасы туралы анықтама);
 - f) Тасымалдаушы өтемақы төлемін жүргізілгенін растайтын құжаттар;
 - g) Авиабилет (электронды авиабилеттің бағдар-түбіртегі);
 - h) Жолжүк түбіртектерінің көшірмелері (құлақшалар);
- 4) Ұсынылған құжаттардың мазмұны мен сақтандыру жағдайының мән-жайын ескере отырып, Сақтандырушы осы Ережелердің 9.3-т. көрсетілген құжаттар негізінде ғана сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдана алады.
- 5) Кез келген жағдайда Сақтандырушыға сақтандыру жағдайына қатысы бар жіне Сақтандырушымен талап етілген барлық құжаттар ұсынылуы тиіс. Сақтандырылушы Сақтандырушының талабымен аталған құжаттардың түпнұсқаларының орыс тіліндегі аудармаларын ұсынуға тиіс. Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың аудармасын өзі немесе арнайы маманды тарту арқылы жүзеге асыруға құқылы. Сақтандырушы

сақтандыру өтемі сомасынан аударма құнын шегеруге құқылы, аударма Сақтандырылушымен ұсынылмаған жағдайда.

- 6) Сақтандырушы ұсынылған құжаттар тексерін жүргізуге, сақтандыру жағдайының мәнжайы туралы ақпаратқа ие мекемелерден мәліметтер сұрауға құқылы. Сақтанушы Сақтандырушының сақтандыру жағдайымен байланысты сауалдарына жазбаша түсіндірме беруі тиіс.
- 7) Егер Сақтанушы жолжүгінің кідірісі үшін сақтандыру төлемін алса және нәтижесінде жолжүгін жоғалту бойынша сақтандыру жағдайы туралы хабарласа, төлем жолжүгінің кідірісі үшін төленген сақтандыру өтемін шегеріле отырып жүзеге асырылады.
- 8) Сақтандыру төлемі Сақтандыру полисінің талаптарындағы сақтандыру сомасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сақтандыру төлемі жүзеге асқан күнгі курсы бойынша төленеді. Сақтандыру төлемі жоғалған жолжүк орнының салмағын ескерген сома мөлшерінде жүзеге асырылады, бірыңғай жағдайларға – жолаушы немесе жөнелтуші тасымалдаушыға орынды тапсыру барысында қосымша алым төлемін бағалау (Варшава Конвенциясы) туралы арнайы өтініш беруі жатады.
- 9) Егер ұрланған (жоғалған) зат Сақтанушыға қайтарылса, Сақтанушы алған сақтандыру өтемін Сақтандырушыға ұрланған (жоғалған) заттар қайтарылған күннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қайтаруға міндетті.
- 10) Сақтандырылушыға келтірілген шығындарды өтеу бойынша сақтандыру төлемі Сақтандырылушыдан сұратылған барлық құжаттарды, қажет болған жағдайда олардың нотариалды куәландырылған аудармаларын алған соң, бір жолғы төлем түрінде 15 (он бес) жұмыс күні ішінде төленеді, осы сақтандыру Ережелерінің 11.6-т. аталған жағдайларды есептемегенде.

9.9. Ұшу кезінде туындаған жазатайым оқиғалармен байланысты сақтандыру жағдайлары орын алғанда:

9.9.1. Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайын тудыруы мүмкін оқиғалар) орын алғанын білгенде/орын алғанын білуге тиіс кезінде, міндетті:

- 1) ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қол жетімді шаралар қабылдау;
- 2) дереу, бірақ кез келген жағдайда 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы жазбаша хабарлау;
- 3) сақтандыру жағдайының орын алу себептері мен жағдаяттарын анықтау кезінде Сақтандырушының өкіліне жәрдемдесуге, с.і. сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген зиянның сипаты мен көлемі туралы Сақтандырушыға оған қолжетімді барлық ақпарат пен құжаттаманы ұсынуға;
- 4) шұғыл түрде Сақтандырушыға үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген шығындардың қандай да бір өтемін алғаны туралы жазбаша хабар беру.
- 5) Егер Сақтандырушы Сақтандырушымен қатар Сақтанушының да мүдделерін қорғау үшін өкіл тағайындауды қажет деп тапса, сақтандыру жағдайы орын алғанда – Сақтандырушымен тағайындалған тұлғаларға сенімхат немесе аталған мүдделерді қорғауға қажетті құжаттарды беру. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алуы себепті Сақтанушының соттағы мүддесіне немесе басқа да жолдармен Сақтанушының құқықтық мүдделеріне өкілеттік етуге құқылы, бірақ міндетті емес.
- 6) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу ауыртпалығын көтеру, оның ішінде сараптама жүргізуге ақы төлеу, мамандарды тарту және кеңес беру, қажетті құжаттар мен т. б. жинау;
- 7) осы Сақтандыру полисімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де әрекеттерді орындауға.

9.9.2. Сақтандыру төлемі келесі мөлшерде жүзеге асырылады:

- 1) Сақтандырылушы қаза тапса – бір Сақтандырылушыға 100% сақтандыру сомасы;
- 2) Сақтандырылушы жарақат (зақым) алса – сақтандыру Бағдарламасының 1-Қосымшасы болып табылатын төлем Кестесіне сәйкес (бір Сақтандырылушыға сақтандыру сомасынан %).

9.9.3. Егер сақтандыру жағдайына әкеліп соққан оқиға нәтижесінде Сақтандырылушы қаза тапса, Сақтандырушы Сақтанушы/Пайда алушыдан келген өтініш пен сәйкес құжаттар негізінде Сақтандыру полисімен белгіленген тәртіп пен мөлшерде сақтандыру төлемін қайта есептеуге міндетті. Сақтандыру төлемін қайта есептеу кезінде бұрын төленген сома есепке алынады.

9.9.4. Сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандыру полисімен белгіленген сақтандыру сомасынан аса алмайды.

9.9.5. Сақтандырушы қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға және сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

9.9.6. Сақтандырушы сақтандыру төлеміне қатысты шешім қабылдауы үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) сақтандыру жағдайының орын алуы жайлы өтініш;
- 2) Сақтандыру полисінің көшірмесі;
- 3) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы дәрігерлік куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі, Сақтандырылушының өлімі туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) Амбулаторлық карта, уәкілетті тұлғамен расталған және сәйкес медициналық мекеменің мөрімен бекітілген сырқатнама немесе аталған құжаттардан үзінді көшірме көшірмелері; рентгенмен түсірілген суреттің түпнұсқасы;
- 7) Сақтандыру жағдайының орын алу дерегі мен келтірілген шығындар, келтірілген шығындарға кінәлі тұлғаларды анықтайтын құзырлы органдармен куәландырылған сәйкес құжаттардың көшірмелері (ішкі істер органдарының, прокуратура, тергеу; сот органдарының; өрт қадағалау органдарының және т.б. құжаттары);

9.10. Ұсынылған құжаттарды құрастыру тәртібі мен формасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуі қажет, егер ол ескерілген болса.

9.11. ҚР АҚ сәйкес сақтандыру жағдайы орын алғанын, сондай-ақ онымен келтірілген шығын мөлшерін дәлелдеу Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушының мойнында.

9.12. Сақтандырушы жоғарыда аталған құжаттар тізімін қысқартуға немесе, егер олардың жоқтығы сақтандыру жағдайының орын алу және шығын мөлшерін анықтау деректерін белгілеуге мүмкіндік бермеген нақты жағдайларды есепке ала отырып, қосымша құжаттарды талап етуге құқылы болады.

9.13. Авиатасымалдаушының кінәсінен авиарейстің кідірісімен байланысты сақтандыру жағдайы орын алғанда:

- 1) Сақтандырылушы уақытша мекендеу мемлекетінен оралған соң, 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға оқиға орын алған мерзім мен мән-жайын атай отырып, сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы жазбаша хабарлауға міндетті. Өтініште сақтандыру жағдайының сипаты мен мән-жайы атап көрсетіліп, келесідей ақпарат ұсынылуы тиіс:
 - Сақтандырылушының аты, тегі, әкесінің аты;
 - авиатасымалдаушы туралы ақпарат;
- Сақтандыру полисінің түпнұсқасы;
- Сақтандырылушының немесе Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаты;
- сақтандыру төлемін алатын тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаты;
- сақтандыру жағдайы орын алған жерге дейінгі жол жүру құжаттары немесе олардың куәландырылған көшірмесі (билет түпнұсқасы (отырғызу талоны));
- тасымалдаушының рейс кідірісі/болмауы туралы рейс кідірісі/болдырмауының себептері мен кідіріс сағаттарының саны аталған жазбаша растамасы (жоспарлы және нақты жөнелу уақыты);
- чектер, квитанциялар, шоттар, шоттан мобильді байланыс төлемі туралы үзінді көшірмелер мен тамақтану, телефон арқылы жүргізілген келіссөздер, рейсті күту кезіндегі

қонақүй қызметтері, қонақүйге дейінгі және қонақүйден қайту жол ақысына кеткен шығындар фактісін растайтын басқа да құжаттар.

9.14. Құжаттарды қалпына келтірумен байланысты сақтандыру жағдайы орын алғанда:

- 1) Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімінде сапар кезінде кенеттен, болжанбаған және абайсызда орын алған оқиға нәтижесінде жоғалған құжаттарды қалпына келтірумен байланысты Сақтанушы/Сақтандырылушыда күтілмеген шығындар пайда болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде келтірілген залалдар көлемінде шығындарды өтейді.
- 2) Сақтандырушы қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға және сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.
- 3) Сақтандыру өтемін алу үшін Сақтандырылушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы жазбаша хабарлама беруге және келесідей құжаттарды ұсынуға міндетті:
 - оқиға орын алған мерзімі мен мән-жайын атай отырып, сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы жазбаша хабарлауға;
 - Сақтандыру полисінің түпнұсқасы;
 - Шетелдік төлқұжат, жеке куәліктің жоғалғаны туралы полиция протоколы;
 - Қылмыстық іс қозғалғаны немесе қозғалуға бас тарту туралы қаулы немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы;
 - Елшіліктен (Консулдықтан) төлқұжатты, жеке куәлікті (қайта оралу куәлігін) жоғалту туралы растама;
 - қайта оралу куәлігін бергені үшін консулдық алымды төлеу туралы құжат;
 - Жоғалған құжаттарды қалпына келтірумен байланысты шығындар фактісін растайтын төлем чек/квитанцияларының түпнұсқалары.

10. САҚТАНДЫРУ ОҚИҒАСЫ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАР МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

10.1. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) ұсынуы тиіс, сондай-ақ осы Ережелердің 4- т. әр түрлі сақтандыру жағдайлары мен 10- т. сақтандыру төлемдеріне сәйкес көрсетілген құжаттар тізімі:

- 1) сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
- 2) Сақтандыру полисінің түпнұсқасы/электронды көшірмесі;
- 3) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттардың (төлқұжат, жеке куәлік, туу туралы куәлік) көшірмелері;
- 4) авиабилет пен жолжүк түбіртегінің көшірмелері;
- 5) тиісті медициналық мекеменің Сақтандырылушының толық аты жөні, Сақтандырылушыға келтірілген шығын сипаты, диагноз, жұмысқа жарамсыздық мерзімі көрсетілген тұжырымының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) Сақтандырылушының өлімін белгілеген медициналық мекеменің қаза себебі көрсетілген тұжырымының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 7) өлім туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 8) медициналық дәрі-дәрмектер, өткізілген процедуралар, дәрігерлер қабылдауларын растайтын дәріхана мен медициналық мекемелердің әр дәрінің, процедураның, қабылдаулардың атауы, олардың саны, бағалары, алған күні мен Сақтандырылушының Т.А.Ә. көрсетілген шоттарының, қазыналық, тауарлық чектері, төлем квитанцияларының түпнұсқалары. Төлем валютасы шоттарда, қазыналық, тауарлық чектерде, квитанцияларда және төлем жүргізілгенін дәлелдейтін басқа құжаттарда белгіленбеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін есептеуді мекендеу мемлекетінің валютасын автоматты түрде ҚР Ұлттық Банкінің сақтандыру жағдайы орын алған күнгі ресми курсы бойынша теңгеде жүзеге асырады;
- 9) емдеуші дәрігердің (олдамалары мен рецептілері) қабылдау күні, тағайындауға себеп болған диагноз бен Сақтандырылушының Т.А.Ә. көрсетілген медициналық дәрі-дәрмектерді қабылдау, процедуралардан өту, дәрігер қабылдаулар жайлы тағайындауларының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

- 10) Амбулаторлық карта, уәкілетті тұлғамен расталған және сәйкес медициналық мекеменің мөрімен бекітілген сырқатнама немесе аталған құжаттардан үзінді көшірмелердің нотариалды куәландырылған көшірмелері; рентгенмен түсірілген суреттердің түпнұсқалары;
 - 11) Сақтандыру жағдайы үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесіндегі көлік оқиғасымен, өрт және т.б. туындаса, қосымша – Сақтандыру жағдайының орын алу дерегі мен келтірілген шығындар, келтірілген шығындарға кінәлі тұлғаларды анықтайтын сәйкес құжаттардың құзырлы органдармен куәландырылған көшірмелері немесе түпнұсқалары (ішкі істер органдарының, прокуратура, тергеу; сот органдарының; өрт қадағалау органдарының және т.б. құжаттары);
 - 12) құжаттардың көшірмелері Сақтандырылушымен рәсімделген жағдайда – төлқұжатты визамен қалпына келтіруге консулдық алымдар төлемдерінің квитанциялары, сәйкес құжаттарды рәсімдеуге қажетті суреттер төлемінің квитанциясы, жол жүру құжатын қалпына келтіру бойынша көлік компаниясының қызметтері төлемінің квитанциясы;
 - 13) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттар, ЖСН, Пайда алушы шотының банк деректемелері, Сақтандырылушы қаза болған жағдайда - қосымша мұра алу құқығы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
 - 14) Қазақстан Республикасының аумағынан шығу/кіру белгілері бар төлқұжаттың көшірмесі.
- 10.2. Құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқа немесе нотариалды куәландырылған немесе түпнұсқалық мөрмен куәландырылған және құзыретті ұйымның уәкілетті тұлғасымен қол қойылған көшірме күйінде ұсынылады. Медициналық құжаттар Т.А.Ә. көрсетілген дәрігермен қол қойылған және дәрігер мен медициналық ұйымның жеке мөрлерімен бекітілген медициналық мекеменің бланкінде болуы тиіс.
- 10.3. Осы тармақта аталған барлық құжаттар Сақтандырушыға орыс немесе қазақ тілінде, немесе орыс немесе қазақ тіліндегі аудармасымен ұсынылуы тиіс, бұл жағдайда аударма нотариалды куәландырылған болуы тиіс.
- 10.4. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы екі данада өтініш берушімен ұсынылған барлық құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдау күні көрсетілген анықтама құрастыруға міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, ал өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы Сақтандырушыда қалады.
- 10.5. Сақтандырушы жоғарыда аталған құжаттар тізімін қысқартуға немесе қосымша құжаттарды талап етуге құқылы, егер оларсыз сақтандыру жағдайының орын алғанын растау мен шығын көлемін анықтау мүмкін емес болса.
- 10.6. Сақтандырушы барлық ұсынылған құжаттарды тексеру мен мамандармен Сақтандырылушының медициналық куәландыруын өткізуге дейінгі дербес тексерістер жүргізу мен сақтандыру жағдайы орын алу себептері мен мән-жайларын дербес анықтау құқығына ие. Бұл жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға Сақтандырылушының сақтандыру жағдайына дейінгі және кейінгі денсаулық жағдайын көрсететін барлық қажетті құжаттарды қолжетімді етуге міндетті, сондай-ақ Сақтандырушының талабымен Сақтандырушының есебінен Сақтандырушы белгілеген медициналық мекемеде медициналық тексерістен өтуге және оның нәтижелерін ұсынуға міндетті.
- 10.7. Сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандырылушыға келтірілген шығындарды растайтын құжаттарға негізделі отырып, Сақтандырушымен анықталады. Сақтандыру полисімен франшиза қарастырылған болса, сақтандыру төлемі франшиза сомасы шегеріле отырып жүзеге асырылады.
- 10.8. Қандай да бір орын алған жағдайлар (оқиғалар) осы Ережелерде қарастырылмаған болса, Сақтандырушы өз бетінше ымыралы шешім қабылдауға құқылы.
- 10.9. Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап, 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға және сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.
- 10.10. Егер сақтандыру жағдайы орын алған себептер бойынша қылмыстық іс қолғалған немесе сот процессі басталған болса, сақтандыру төлеміне қатысты шешім қабылдау тергеу немесе сот қарауы аяқталған уақытқа дейін немесе Сақтандырылушының кінәсіздігі анықталғанға дейін ұзартылуы мүмкін.

10.11. Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру төлемін сақтандыру жағдайы орын алған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетелдік валюталарының ресми курсы бойынша теңгемен төлейді. Егер ҚР Ұлттық Банкі Сақтандырылушы шығындары жүргізілген валютаны ресми түрде айырбастамайтын болса, айырбастау Сақтандыру полисінің талаптарында көрсетілген ресурстар ақпараттарына сәйкес жүзеге асырылады.

10.12. 18 жастан кіші тұлғалардың сақтандыру төлемін алушылары ата-аналар, ресми қамқоршылар болып табылады.

10.13. Сақтандырушы сақтандыру төлемін уақтылы төлемегені үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапкершілік көтереді.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

11.1. Сақтандыру жағдайы орын алғанда, Сақтандырушы осы Ережелер талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

11. . Сақтандыру полисі бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы Сақтандыру полисінде әр Сақтандырылушыға қатысты көрсетілген сақтандыру сомасынан аспайды.

11. . Нақты тәуекелдер (өтелетін шығындар) бойынша сақтандыру сомасының мөлшерлері Сақтандыру полисімен қосымша тағайындалады, сәйкесінше Сақтанушының (Сақтандырылушының) шығындары әр нақты тәуекел бойынша тағайындалған сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде өтеледі.

11.4. Жеке/топ тәуекелдер бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің сомасы Сақтандыру полисімен Сақтандырылушыға тағайындалған нақты тәуекел/тәуекелдер тобы бойынша сақтандыру сомасынан аспайды.

11.5. Сақтандыру төлемі келесі тәртіппен жүзеге асырылады: Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемін алу үшін, егер ол Сақтандыру полисінің талаптарында аталған қызметтерді өзі төлеген болса, Қазақстан Республикасының аумағына келу күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы орын алғаны жайлы жазбаша хабарлауға және барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ӨТЕУ НЕМЕСЕ ӨТЕУДЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

12.1. Сақтандыру полисінде өзгеше көзделмесе, Сақтандырушының сақтандыру төлемін өтеу немесе өтеуден бас тарту туралы шешімі Сақтанушы Сақтандыру полисінде аталған құжаттарды ұсынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе ұзартуға қатысты шешім Сақтандырушымен шешіледі және Сақтанушыға дәл сол мерзім ішінде себептердің дәлелді негіздемесімен жазбаша хабарланады.

12.2. Егер құзырлы органдармен Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) қатысты қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік іс қозғалған болса және сақтандыру жағдайы мен онымен келтірілген шығындарға алып келген мән-жайлардың тексерісі жүріп жатса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруды тексеріс аяқталғанға дейін және іс бойынша соңғы шешім шығарылған уақытқа дейін ұзартуға құқылы.

12.3. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады, егер сақтандыру жағдайы келесідей себептермен туындаса:

- 1) Сақтандырылушының өзіне-өзі қол жұмсауға немесе өз өміріне қастандық жасауы;
- 2) келбет мүкістіктерін немесе дене ауытқушылықтарын жоюмен байланысты пластикалық операциялар, косметологиялық немесе кез келген басқа ем түрлері;
- 3) психикалық сырқаттар мен психикалық ауытқулар, венерологиялық аурулар, АИТВ мен ЖИТС, онкологиялық аурулар, туа біткен аурулар, даму кемтарлығы, туберкулез, қант диабеті мен олардың салдары, апоплексия соғуы, эпилепсиялық талма немесе басқа талмалар, конвульсиялық ұстамалар;
- 4) Сақтандырылушының алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мастық күйінде болуы, мастық деңгейінің ауырлық дәрежесіне қарамастан;

- 5) жүктілік/босану асқынулары, сондай-ақ аборт, мерзімінен бұрын өздігінен түсік тастау, кесар тілігі операциясы;
- 6) эпидемиялар, карантиндер;
- 7) туристік мекемені тарату;
- 8) туристік ұйымның және оның контрагенттерінің өз міндеттерін мүлдем орындамауы немесе тиісінше орындамауы;
- 9) Сақтандырылушының кез келген кәсіби немесе әуесқой спорт түрімен айналысуы, белсенді демалыс, спорт элементтеріне ие іс-шаралар/ ойын-сауықтарға қатысуы; Сақтандырылушының авто-, мото-, веложарыстарға немесе сайыстарға жүргізуші немесе қатысушы ретінде қатысуы.

12.4. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны немесе сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін тараптар жауапкершілік өтереді. Айыпақы мөлшері Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 353-бабына сәйкес тағайындалады.

12.5. Сақтандырумен моральдық шығынның, абыройға, құрмет пен іскерлік атағына (сақтандыру құпиясын сақтауға Сақтандырушының міндетімен байланысты емес) келген мәліметтердің тарау зиянының, Сақтанушының (пайда алушының) шығындарының (с.і. айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, сот шығындары, өндірістің бос тұруымен байланысты шығындар, тауар құнын/тауар түрін жоғалтуы, жоғалған пайда), қоршаған ортаға тигізген зиянның орны толтырылмайды.

12.6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін өтеуден бас тартуы Сақтанушымен (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сот тәртібімен шағымдала алады.

13. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІН ТОҚТАТУ/БҰЗУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

13.1. Сақтандыру полисінің қолданылуы келесідей жағдайларда тоқтатылады:

- 1) Сақтанушы Сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлемеуі;
- 2) Шекаралық және/немесе кеден қызметтерімен Сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру аумағынан (мекендеу мемлекеті) Сақтандырылушының шығуы тіркелген уақыттан бастап, бірақ Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі кезінде ғана;
- 3) Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі аяқталған соң;
- 4) Сақтандыру полисі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда.

13.2. Міндеттер тоқтатылуының жалпы негіздері, сондай-ақ ҚР АҚ 841- бабының 1-тармағында қарастырылған Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын тоқтату негіздерінен бөлек, Сақтандыру полисі келесідей жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) Сақтандырушы Сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырғанда;
- 2) Сақтанушының Сақтандырушыға Шартқа қол қою кезінде Сақтандырушыға хабарланған жағдайлардағы белгілі болған айтарлықтай өзгерістер туралы хабарлау міндетін орындамаған жағдайда, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелін үдетуге айтарлықтай әсерін тигізе алса, немесе егер Сақтандырушы Шарт шарттарын өзгертуге немесе тәуекел деңгейінің үдеуіне сәйкес сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсы болса;
- 3) Сақтанушы немесе Сақтандырушының талабымен, сондай-ақ Тараптардың келісімімен Сақтандыру полисін бұзғанда.

13.3. Осы Ережелердің 13.2-т. 1) т. Қарастырылған негіздемелер бойынша Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі мен салдары:

- 1) Аталған жағдайларда Сақтандыру полисі Сақтандыру полисін тоқтатуға негіз болады деп танылған жағдайлар орын алған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл жағдайда Сақтандыру полисінің тоқтағаны туралы хабарлау қажеттілігі жоқ.
- 2) Сақтандыру полисін аталған негіздемелер бойынша тоқтатқанда Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.

13.4. Осы Ережелердің 13.2-т. 2) т. Қарастырылған негіздемелер бойынша Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі мен салдары:

- 1) Аталған жағдайларда Сақтандыру полисі тәуекел деңгейінің артуына себеп болатын жағдайлар орын алған сәттен бастап тоқтатылған болып саналады.
- 2) Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру полисі тоқтатылғаны туралы келесідей күндерден соң 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті:
 - а) Сақтанушы тәуекел деңгейі артқаны туралы Сақтандырушыға хабарлау міндетін орындамағаны Сақтандырушыға мәлім болғанда;
 - б) Сақтанушының Сақтандыру полисіне өзгерістер енгізуден немесе сақтандыру сыйлықақысын төлеуден бас тартқанында;
 - в) Сақтандырушының Сақтандыру полисін өзгерту мен/немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу туралы талабын сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін Сақтандыру полисімен орнатылған мерзімнің өтуі;
- 3) Сақтандыру полисін аталған себептермен тоқтатқан жағдайда Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.

13.5. Осы Ережелердің 13.2-т. 3) т. қарастырылған негіздемелер бойынша Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі мен салдары:

- 1) Сақтандыру полисі Сақтандырушы Сақтанушыдан полисті бұзу туралы жазбаша хабарлама алған күнінен кейінгі келесі күннен немесе соттың сәйкес шешімінің күшіне ену күнінен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл жағдайда бастамашылық етуші Тарап Сақтандыру полисін бұзу ниетін екінші Тарапқа Сақтандыру полисін бұзу күніне кем дегенде 1 (бір) жұмыс күні бұрын хабарлауға міндетті.

13.6. Сақтандыру полисін Сақтанушының өтінішімен сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі басталғанға дейін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, Сақтандырушы төленіп қойған сақтандыру сыйлықақыны Сақтанушыға 100% қайтарады. Сақтанушы сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзіміне кем дегенде 1 (бір) жұмыс күні қалғанда полисті бұзу туралы жазбаша өтініш беруге міндетті.

Осы Шарттың ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағымен көзделген жағдайлар бойынша Сақтандыру полисі күшінің мерзімінен бұрын тоқтатылу жағдайында Сақтандырушы сақтандыру әрекет еткен уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне және сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасынан 35 % (отыз бес пайыз) көлемде істерді жүргізуге кеткен шығындардың өтелуіне құқылы.

13.7. Сақтандыру қорғанысы басталған соң, ҚР АҚ 841 бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларға байланысты Сақтанушы шарттан бас тартса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылмайды.

13.8. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамаудан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

13.9. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату Сақтанушының кінәсінен оның талаптарын орындамаудан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

13.10. Қайтарылуы тиіс сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушыға Сақтандыру полисін бұзу туралы өтініш түскен күннен 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Сақтандырушымен бір жолғы төлем күйінде төленеді.

14. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ АРТУ САЛДАРЫ

14.1. Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) шұғыл түрде Сақтандыру полисіне қол қою барысында Сақтандырушыға хабарланған жағдайлардың оған белгілі болған маңызды өзгерістері жайлы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті, егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелін көтеруге айтарлықтай әсер ететін болса;

14.2. Айтарлықтай әсер ететін өзгерістерге жататындар: сапар мақсатының өзгеруі, Сақтандырылушыда (Сақтандырылушыда) орталық жүйке жүйесіне әсер ететін (координация, зерделілік, реакцияның бұзылуы, сондай-ақ ұйқышылық және т.б.) созылмалы немесе жіті аурулары анықталуы, қызмет түрі өзгеруі, сақтандыру аумағының өзгеруі, белсенді демалыс

немесе спортпен шұғылдануы. Аталған міндеттемелер тең дәрежеде Сақтандырылушыға да қатысты.

14.3. Сақтандырушы сақтандыру тәуекелін үдетуге алып баратын жағдайлар туралы хабар алған жағдайда, Сақтандыру полисін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұзуды талап етуге құқылы.

14.4. Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін үдетуге алып баратын жағдайлар жойылған жағдайда, Сақтандыру полисін бұзуды талап ету құқығы жоқ.

15. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІН ӨЗГЕРТУ. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ТЕЛНҰСҚАСЫН РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

15.1. Осы Сақтандыру полисіне өзгертулер мен қосымшалар енгізу Тараптардың бірінің жазбаша түрдегі өтініші негізінде, Тараптардың келісімі бойынша жүзеге асады.

15.2. Күшіне енбеген Сақтандыру полисін қайта рәсімдеу Сақтандыру полисі басталу мерзіміне дейін Сақтанушының жазбаша өтінішін алу шартымен, Сақтандырушымен жүзеге асырылады. Сақтандыру полисін жаңа қолданылу мерзіміне қайта рәсімдеген жағдайда, Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысынан бланк шығынына 200 (екі жүз) теңге көлемінде қаражат алады. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысы есебін жаңа Сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сыйлықақысының төлем шотына 200 (екі жүз) теңге шегере отырып, алғашқы Сақтандыру полисі бойынша жүзеге асырады.

15.3. Күшіне енген Сақтандыру полисін қайта рәсімдеу Сақтандыру полисі басталу мерзімінен кейін Сақтанушының жазбаша өтінішін алу шартымен, Сақтандырушымен осы Ережелерде қарастырылған барлық тәуекелдер бойынша жүзеге асырылады. Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысынан шегереді:

- Сақтандыру полисінің өткен қолданылу мерзіміне тепе-тең сақтандыру сыйлықақысының бөлігі;
- бланк шығынына 200 (екі жүз) теңге көлемінде.

Жоғарыда аталған шегерулерді жүзеге асырған соң, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының қалған бөлігін жаңа Сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сыйлықақысының төлем шотына аударады;

15.4. Сақтандыру полисін қайта рәсімдеу кезінде, егер:

- жаңа сақтандыру мерзімі алғашқы Сақтандыру полисінің мерзімінен аз (күндер саны бойынша) болса, Сақтандырушы осы Ережелердің 13.11-т. орнатылған мерзімде 15.2 мен 15.3-т. аталған шегерулерді жүзеге асыра отырып, сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарады;
- жаңа сақтандыру мерзімі (күндер саны бойынша) өзгеріссіз қалса, Сақтанушы осы Ережелердің 15.2. мен 15.3-т. аталған шегерулер төлемін жүзеге асырады;
- жаңа сақтандыру мерзімі алғашқы Сақтандыру полисінің мерзімінен көп (күндер саны бойынша) болса, Сақтанушы осы Ережелердің 15.2. мен 15.3-т. аталған шегерулер мен ұзартылған сақтандыру мерзіміне тең сақтандыру сыйлықақысы айырмасының төлемін жүзеге асырады;

15.5. Сақтандыру полисінің телнұсқасын рәсімдеу Сақтанушының жазбаша өтініші бойынша Сақтандырушымен жүзеге асырылады. Сақтандырушы Сақтандыру полисінің телнұсқасын Сақтанушыдан өтініш алған сәттен 1 (бір) жұмыс күні ішінде рәсімдейді. Сақтандыру полисінің телнұсқасын рәсімдеу кезінде, Сақтандырушы бланк шығындары үшін 200 (екі жүз) теңге көлемінде қаражат алады.

15.6. Сақтандырушы Сақтандыру полисінің телнұсқасын рәсімдеуден бас тартуға құқылы, өтініш Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі аяқталған соң берілген болса.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1. Осы Сақтандыру полисі бойынша/онымен байланысты пайда болатын барлық даулар мен/немесе келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

16.2. Егер дау келіссөздер барысында реттелмесе, онда даулар мен/келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәртіпте шешілуі тиіс.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17.1. Осы Ережелерге сәйкес жасалған Сақтандыру полисіне тараптардың келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ерекше талаптар (сақтандыру түсіндірмелері, анықтамалары, бірыңғай жағдайлар мен т.б.) толықтырылуы мүмкін.